



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ҚОНЫСТАНУЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бейсеналы Орынбасар Аблайханұлы

Қанапия Гүлнұза

Arsenal_ori@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты

Ғылыми жетекшісі – Ауезова З.Т., г.ғ.к., доцент

Кеңестік одақ ыдырағаннан кейін еліміз әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді басынан өткерді. Қоғамның өркениетті дамуына орай еліміздің дүниежүзілік қауымдастықта, экономикалық рыноктарда алатын орны арта түсіп, әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына байланысты негізгі бағыттары өзгеру үстінде. Соған байланысты барлық экономикалық жүйелердің даму ерекшелігі қалыптасты.

Нарық жағдайында Қазақстан Республикасы елді мекендерде қоныстану жүйесін тереңірек талдай отырып, республикадағы қалалық, ауылдық елді мекендер құрылымындағы ерекшеліктерін, қоныстану жүйесіндегі қарама-қайшылықтардың шиеленісуін және қоныстану процесін зерттеу ең өзекті мәселе болып табылады. Нарық жағдайындағы халықтың қоныстану процесі мен оның нәтижесін зерттеу экономикалық, әлеуметтік және саяси географияның, сонымен қатар халықтар географиясының басты мәселелерінің бірі. Қоныстану - қос мағыналы күрделі термин. Бірінші мағынасы - халықтың аймаққа орналасуы мен таралу процесін, ал екінші мағынасы - олардың аймақтық түрде ұйымдасқан елді мекендер тобын білдіреді. Қоныстанудың жүйелік әдіс - тәсілдерін алғаш рет кеңестік ғалым Н.Н.Баранский қалаларды экономикалық географиялық тұрғыдан тану жайындағы еңбектерінде қарастырды.

Қоныстану проблемалары халықтың тұрмыс жағдайы деңгейінің негізгі өлшемдері, нақты табысының деңгейі мен тамақтанудың мөлшері мен сапасы, денсаулығы, тұрғын үй жағдайы, маңызды экономикалық қызмет көрсетудің қолайлы дәрежесі, қоршаған ортаның жағдайы және оның ластану дәрежесінің күшті әсерлерінде болады.

Қазақстан үшін қоныстану- халықтың табиғи қозғалысы мен көші-қон үрдісіндегі аумақтық айырмашылықтар нәтижесі. Аумақтық айырмашылықтар көп жағдайда әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен анықталады. Халықтың ұдайы өсуі әлеуметтік-экономикалық дамуға әсер етеді [1,2].

Халықтың қоныстануын кең көлемде түсіну қоғамды ұйымдастырудың кеңістіктік формасы. Ал, экономикалық тұрғыда халықтың қоныстануы өндіргіш күштерді аумақтық ұйымдастыру формасы ретінде көрінсе, демографиялық тұрғыда ол халықты тіршілік ету аумағы бойынша бөлу және қайта бөлуді білдіреді.

Осымен байланысты халықтың қоныстануын зерттеу сол арқылы халықты тіршілік ету аумағы бойынша бөлу және қайта бөлу және осы құбылысқа тән заңдылықтарды анықтау жүзеге асатын, ең алдымен жалпы үлгілерді сипаттау, түсіндіру және құрастыруды болжайды. Халықтың қоныстануы негізінде өндірістегі өндіргіш күштерді дамыту және орналастыру сипатындағы өзгерістер жатыр. Соңғы ондаған жылдарда қоныстанудың дамуына рыноктық қатынастың қалыптасуымен байланысты үрдістер зор әсер ете бастады. Дегенмен, экономикалық басымдылық анықталғанымен, бұл жағдайда еліміздегі орын алып келген экономикалық дағдарыс та еске алынады.

Аймақтық қоныстануға келсек, онда қоныстану елді мекендер және олардың жүйелерінің қалыптасуы, сонымен бірге аймақтық өзгешелікті ескеріп, әртүрлі мекендер бойынша халықтың орналасуы ретінде қаралады. Қоныстануды ұзақ мерзімдік тарихи дамудың және экономикалық, әлеуметтік, саяси, демографиялық және табиғи факторлардың өзара әрекет етуінің нәтижесі ретінде қарау қажет. Ең алдымен өндірістің мамандануы және қоғамдық өндірістің аумақтық ұйымдастырылуы бойынша, үлкен аймақтық

айырмашылықтармен байланысты халықтың қоныстануындағы бұл факторлардың рөлі арта түседі. Соңғы ондаған жыл ішінде Қазақстандағы халық қоныстануы қозғалысының күтпеген формалар мен бағыттарға ие бола алатындығын байқауға болады. Халықтың қоныстануы экономикадағы терең үрдістерді ғана емес, сонымен қатар экономикалық қайта құрудағы қателіктерге де сезімтал келеді.

Әртүрлі қалалар мен ауылдық елді мекендердің көлеміне қарай өсуі мен қоныстануы табиғат ресурстарын тікелей пайдаланумен байланысты өндіруші өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және басқа салалардың аймақтық бытыраңқылығымен түсіндіріледі.

Халық қоныстануындағы өзгерістер, ең алдымен өндірістің дамуы мен орналасуының объективті заңдарының әсерінен жүзеге асады. Экономикалық реформалау үрдісі барысында Қазақстандағы қоныстану формасы біраз өзгерді. Әрине, бұл заңды, өйткені экономикалық мақсат пен басымдылық өзгертін болады.


Нарықтық қатынасқа өту кезеңінде халық қоныстануын зерттеудің көптеген теориялық негіздері өзгерді. Соның ішінде:

- халықтың шоғырлануынан ірі қалалардағы халық саны көбейіп, ол тек республиканың екі астанасында және Оңтүстік Қазақстанның кейбір қалаларында сақталынды;

- қоныстануды қалыптастырудағы мекендер арасындағы байланыстың рөлі өзгерді. Мекендер арасындағы байланыс, ең алдымен халықтың тербелмелі көші-қоны. Ұзақ мерзім бойы тербелмелі көші-қон практикалық тұрғыда өзінің маңыздылығын жойып келген, оған өнеркәсіп өндірісі дәрежесінің құлдырауы және көлік мүмкіндігінің қысқаруы да әсер етті;

- дәстүрлі көші-қон үрдістері (ауылдан қалаға ауысу) Қазақстанның қалалық мекендері үшін бұрынғы одақтың басқа аймақтарынан қоныс аударушылар есебінен көші-қонның оң айырмашылығы (сальдосы) жаңа факторлардың ықпалымен өзіне қарама-қарсылықпен ауыстырылды. Атап айтқанда, кету және келу еркіндігін таңдау мүмкіндігі күрт артып және экономикалық еркіндік кеңейді. Олар халықаралық туризм және демалу, коммерциялық көші-қонның шұғыл өсуін тудырып, еркін эмиграция мен иммиграцияға жол ашты. Республикадағы көші-қон үрдісіне, атап айтқанда қоныстану өзгерісіне Кеңес Одағының ыдырауы салдарынан болған дағдарыс та үлкен едәуір әсер етті [3,4].

2009-2015 жылдардағы еліміз халқының саны 6,8%-ға, яғни 2009 жылғы 15982370 адамнан, 2010 жылы 16203036, 2011 жылы 16440124, 2012 жылы 16673077, 2013 жылы 16909776, 2014 жылы 17160774, 2015 жылы 17417673 адамға өскені сурет 1-де анық көрсетілген.



Сурет 1. Халық санының өсу серпіні [авторлардың құрастыруымен]

Сөйтіп, 2015 жылдың басында Қазақстан халқының саны 17417673 адамды құрды. Шындығында жеке облыстар, қалалар және ауылдар арасында халықтың аумақтық қайта бөлінуімен қатар жүретін халық санының кемуі, елді мекендер желісі мен жүйесінің

қалыптасуына елеулі өзгерістер туғызады. Бұл аумақ халқының қоныстанғандығы мен аумақ сыйымдылығын бағалауда, тек әлеуметтік-экономикалық қана емес, сонымен бірге табиғи шаруашылық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде экологиялық-демографиялық факторларды да ескеруге негіз болып табылады [4].

Қазақстанда Алматы қаласының астана мәртебесінен айрылғанына қарамастан, халық санының өсуі өзінің тұрақтылығын сақтап отыр. Жаңа астана Астананың халқы да тез өсуде.

Халық құрылымын сипаттаудың бір көрсеткіші, елді мекендердің топтасып орналасу формасы, олардың ішіндегі қалалық елді мекендердің едәуір даму ерекшелігі болып табылады. Қалалық елді мекендердің едәуір дәрежеде Қарағанды облысына тән болып, қала тұрғындарының үлесіне бүкіл халқының 79% келсе (2015 жылғы статистика дерегі бойынша), Павлодар облысында қала халқының үлесі 70%-ды құрайды. Бұл облыстарда қалалық мекендер негізінде облыс орталықтарының айналасына топтасуда. Қалалық мекендердің топтасуының жоғары үлесі Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай облыстарына тән. Бұл облыстар агломерациясында Батыс Қазақстан облысында қала халқының 49,5%, ал Ақтөбе облысында 62% дейінгісі қоныстанған.

Ауылдық қоныстану үрдісі қалыптасуында едәуір аймақтық айырмашылық байқалады. 2015 жылғы статистикалық мәліметке сүйенсек, ауыл халқының ең жоғарғы үлес салмағы Алматы, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстарына келеді. Қазақстанның жеке аймақтарында ауыл халқы санының өзгерісі әрқалай. Мысалы, 2009-2015 жылдар аралығында ауыл халқы санының едәуір азаюы Солтүстік Қазақстан облыстарында (орташа ауыл халқының саны бұл кезеңде 2,8% азайды), Қарағанды облысында 1,6%, Шығыс Қазақстан облысында 2% азайғандығы байқалады. Жалпы шаруашылық тұрғысынан қарағанда, ауылдан халықтың қалалық мекендерге келуін ескерсек, ауыл халқының кемуі заңды болып табылады. Соңғы жылдардағы ауыл шаруашылығы саласындағы дәлелсіз реформалар салдарынан (фермерлік шаруашылықтың жедел дамуы) көші-қонның жеделдеуімен байланысты ауылдық мекендердің елсізденуі орын алуда. Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары ауылдық мекендерінен халықтың кетуі соншалықты, ауылда еңбекке жарамды адамдар қалмауда. Сондықтан мемлекет мүддесіне сай келетін бұл аудандарда халықтың көші-қонуын реттеу проблемасы орын алуда.

Нарықтық дамудың қазіргі кезеңінде қоныстану өлшемін анықтаудың қиындығы, ең алдымен тиімділігінің нақтылы белгілерін таңдау болып табылады.

Қазіргі жағдайда кейбір ұстанымдар, оның ішінде тиімділіктің салалық ұстанымдары өз маңызын сөзсіз сақтауда. Бірақ қоныстану тиімділігін толық шешу табиғи, әлеуметтік, ұлттық және демографиялық факторлардың әр алуандығын ескеру негізінде ғана болуы мүмкін. Бір жағынан халықтың демографиялық құрамындағы аумақтық айырмашылықтардың өзара шарттылығын, еңбек ресурсы құрылымындағы оның табиғи және механикалық қозғалысын, екінші жағынан елді мекендер жүйелерін кеңес ғалымдары белсене зерттеген болатын.

Бірақ нарық кезеңінде оларды шешудің жолдары едіуір күрделене және әр алуандана түсті. Бұл факторлардың халықтың қоныстануындағы рөлі зор аймақтық айырмашылықтармен байланысты, ең алдымен өндірістің мамандануы және қоғамдық өндірістің аумақтық ұйымдастырылуы бойынша онан әрі арта түседі.

Аумақтар сонымен бірге халықтың саны мен тығыздығы, мекендердің қалыптасқан формалары және урбандалу дәрежесі, тірек орталықтарының болуы (ірі және орташа қалалар), ең соңында қоныстанудың ұлттық дәстүрлері жөнінен елеулі айырмашылықтар жасайды [4].

Еліміз халқының қоныстануы мен урбандалуын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер төмендегідей:

- жалпы халық санындағы, қала халқының үлес салмағы;
- мыңнан астам тұрғындары бар қалалардағы халықтың үлес салмағы;
- қалалық елді мекендерде тұратын халықтың үлесі;

- бір елді мекенге шаққандағы қала халқының орташа саны;
- қалалар желісінің тығыздығы;
- көлік желісінің жиілігі.

Негізгі көрсеткіштерді таңдағанда, ең алдымен олардың мәнін ескеру керек. Бұл қоғамның өндіргіш күштерінің дамуы мен адамдардың қоныстануы арасындағы оның мәнін бейнелейтін урбандалу мәселесіне қатысты.

Өндіргіш күштердің өсуі өнеркәсіптің пайда болуы және оның онан әрі дамуына мүмкіндік беретіндігі тұрғысында елді мекендердің және оның тұрғындарының жалпы санындағы үлесінің артуына сай келеді. Мысалы, қалалардың өсу көрсеткіші қалалардың өзінің өсуі, ең алдымен, белгілі бір кезеңдер, не халықтың ең жақсы тұрмыс жағдайы үшін ақша формасындағы сезінетін табысы, яғни бұл өсудің өлшемі қалай болу керек деген мәселелерді қояды.

Ал, нарықтық қатынасқа өту кезеңінде, бұл үрдістер экономикалық дамудың әртүрлілігі, отандық және шетелдік тауар өндірушілердің бәсекесіне біртіндеп бейімделеді. Мұның барлығы, сөзсіз, халық қоныстануы өлшемін анықтауда белгілі бір өзгерістер енгізеді.

Сонымен бірге, біздің елде әртүрлі қалалар мен ауылдық елді мекендердің орналасуы мен өсуі табиғат ресурстарын пайдаланумен байланысты өндіруші өнеркәсіп, ауыл және орман шаруашылығы және басқа салалардың аумақтық шағын бөліктер түрінде орналасуымен түсіндіріледі. Ауыл шаруашылығы және табиғат ресурстарын өндірумен байланысты салалар, әдетте онша үлкен емес елді мекендерде дамиды. Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары және басқа салалар өте үлкен және үлкен қалалар төңірегіндегі елді мекендер орналасуының агломерациялық формаларына бағдарланады.

Қалалардың және қоныстанудың қалалық елді мекендер формаларының дамуы, өндіргіш күштердің шоғырлануының күшеюі және өнеркәсіп тораптарының, аумақтық-өнеркәсіп, аграрлы-өнеркәсіп кешендерінің жасалуымен тығыз байланысты.

Бірақ қалалар мен елді мекендер желісінің сандық өлшемі көп жағдайда аймақтық және халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіндегі олардың әрекеттік ерекшеліктерімен анықталынады. Атап айтқанда, проблеманың осы астары өзінің дамуын таппай отыр.

Аумақтық шоғырлануды өндіріс пен қоныстанудың орналасуы мен дамуының негізгі бағыттарының бірі ретінде қарау, әрбір тарихи кезеңде оның шынайы шекарасының болатындығын ұмытпау керек. Сонымен қатар, бұрыннан қолданылған қоныстанудың бірыңғай көрсеткіштері экологиялық факторлардың әсерін жете ескермейді, Арал маңын ғана емес, Қазақстанның басқа аймақтарын да қамтыған шөлдену мәселесінің сөзсіз елді мекендер жүйелері мен желілеріне қатысы бар. Қолайсыз экологиялық үрдістер өршіген аумақтардағы қоныстанудың ұтымды формасын анықтау өте күрделі мәселе.

Экологиялық және экономикалық мәселелердің ұштасқан аймақтарында әзірше оларды шешудің тиімді әдістерінің жоқтығынан ол онан әрі күрделене түсуде. Бұл халық қоныстануының қосымша өлшемдері мен көрсеткіштерін әзірлеуді қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ауезова З.Т. Критерии и факторы расселения населения в переходной период. Материалы научно-практической конференции //Современные проблемы образования и науки в начале века. Караганда, 2011 г.
2. Сергеева. А. //Тұрғындар географиясы. оқу құралы. - Астана ,2014
3. Еленин М.Р, Сатуова Ж.А. Статистические данные 2014г. www. akorda.kz.
4. Ежегодник 2015 года. Демография. www. government.kz.